

**Қалпына келтірілетін қағаздың, картонның, макулатураның және қалдықтардың әкетілуіне тыйым салуды енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 тамыздағы N 908 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 769 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 06.12.2016 № 769 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 8-бабына сәйкес, сондай-ақ отандық тауар өндірушілерді қолдау, бәсекеге қабілетті өнімді шығару және дайын өнім экспортын ынталандыру есебінен ішкі өндіріс көлемін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қалпына келтірілетін қағаздың, картонның, макулатураның және қалдықтардың (ЕурАзЭҚ-тың СЭҚ ТН коды 4707) Қазақстан Республикасының аумағынан әкетілуіне тыйым салынсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті осы қаулының 1-тармағын орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 38 Қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі екі апта мерзімде Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы Интеграциялық комитетінің Хатшылығына Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын сыртқы сауда қызметін реттеу шаралары туралы хабарласын.

4. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап отыз күн өткеннен кейін күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*